

"Тайынша ауданы Зеленогай селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 15 қарашасындағы №6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4810 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тайынша ауданы Зеленогай селолық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атау беру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 15 қарашасындағы № 6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13-11-195 тіркелді, 2010 жылғы 3 желтоқсанында "Тайынша Таңы" газетінде және 2010 жылғы 3 желтоқсанында " Тайыншинские вести" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және мәтіні бойынша, сонымен қатар шешімнің қосымшасында "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы және мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

Г. Бәтенова